

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 3 желтоқсанда N 990 болып тіркелген "Автоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 528 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 8 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3138. Бұйрықтың күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығымен .*

---

Автоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында бұйырамын:

1. "Автоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына (бұдан әрі - Бұйрық, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде тіркелген нөмірі 990, N 571 тіркелген нөмірі 1349, N 787 тіркелген нөмірі 1699, N 775 тіркелген нөмірі 2092, N 722 тіркелген нөмірі 2651 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістермен) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

2-тармақтың б) тармақшасы алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Жол полициясы департаментінің бастығы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің өндірістік-техникалық мүмкіндіктерін және оларды көлік құралдарының техникалық жағдайын техникалық байқау алдында диагностикалауға жіберуді қарау үшін Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті өкілдерінің қатысуымен (келісуімен), Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Жол полициясы департаментінің аппараты қызметкерлерінің ішінен жұмыс тобын құрсын";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, автоматокөлік құралдары мен оларға

тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібінде:

б - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) меншік нысанына қарамастан автобустар, автомобиль-таксилер, адамдарды тасымалдау үшін жабдықталған жүк автомобильдері, сондай-ақ иелері жеке кісі тасумен айналысатын жеңіл автомобильдер - тоқсанына бір рет";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мемлекеттік техникалық байқау мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы аумағына әкелінген көлік құралдары жол полициясында тіркелгеннен кейін 30 тәулік ішінде".

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

К е л і с і л д і  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я л а р  
М и н и с т р і

2004 жыл 15 қыркүйек

К е л і с і л д і  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
и н д у с т р и я ж әне с а у д а  
м и н и с т р л і г і н і ң с т а н д а р т т а у ,  
м е т р о л о г и я ж әне с е р т и ф и к а т т а у  
ж әне д е г і К о м и т е т т і ң т әне р а ғ а с ы

2004 жыл 15 қыркүйек